



«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті» КеАҚ Фылыми-әдістемелік  
кеңесінің отырысында **БЕКІТІЛГЕН**  
«08» 01 2025 жыл  
хаттама № 5







**«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті» КеАҚ-да  
білім беру бағдарламаларын әзірлеу  
және өзектендіру туралы**


**ЕРЕЖЕ**

**Алматы, 2025 ж.**

	<p>«О.І-Фарағы атындағы Қазақ ұлттық университеті» КелК          «О.І-Фарағы атындағы Қазақ ұлттық университеті»          КелК-та білім беру бағдарламаларын өзірлеу және          озектеніру туралы ЕРЕЖЕ</p>	Күні	Екінші басылым
			60-ден 2-бет

## Келісу парагы

Күжат	Қызметі	Т.А.Ә.	Қолы
Келісілген	Басқарма мүшесі- академиялық мәселелер бойынша проректор	Казмагамбетов А.Г.	
	Академиялық мәселелер бойынша Департамент директоры	Рахимбекова Б.К.	
	Академиялық мәселелер бойынша Департамент директорының орынбасары	Мусинова А.А.	
	Академиялық мәселелер бойынша Департамент директорының орынбасары	Асылбеков Е.А.	
	Зан департаменті директорының орынбасары	Сыдыков Н.С.	
	№1 АК төрағасы	Кудайбергенова А.М.	
	№2 АК төрағасы	Лифанова Т.Ю.	
	№3 АК төрағасы	Аймагамбетова М.М.	
	№4 АК төрағасы	Габдуллин К.Т.	
	№5 АК төрағасы	Альжанова А.Б.	
	№6 АК төрағасы	Оралбаева Ж.З.	
	№7 АК төрағасы	Ибраева А.С.	
	№8 АК төрағасы	Гончарова А.В.	
	№9 АК төрағасы	Абдильдина К.М.	
	№10 АК төрағасы	Турганбаева А.Р.	
	№11 АК төрағасы	Абилев М.Б.	
	№12 АК төрағасы	Шортанбаева Ж.К.	
	№13 АК төрағасы	Капанова Г.Ж.	
	№14 АК төрағасы	Актымбаева А.С.	
	№15 АК төрағасы	Абдуллаева Э.С.	
Әзірлеу	Білім беру бағдарламаларын жобалау кенесінің басшысы	Амирбекова Г.Е.	



«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАК	Күні	Екінші басылым
«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАК-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру туралы ЕРЕЖЕ		60-ден 3-бет

## Мазмұны

№		Бет.
1.	Жалпы ережелер.....	4
2.	Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар.....	7
3.	Білім беру бағдарламалары әзірлеу процесін ұйымдастыру.....	10
4.	Білім беру бағдарламалары әзірлеуге дайындық .....	11
5.	Білім беру бағдарламалары жобалау .....	12
6.	Білім беру бағдарламасының құрылымдық элементтерін егжей-тегжейлеу .....	19
7.	Білім беру бағдарламасы жобасының сапасын бағалау .....	22
8.	Білім беру бағдарламасы дамуының жоспары .....	24
9.	Қосдипломды білім беру бағдарламалары мен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу ерекшеліктері .....	26
10.	Қосарлы оқыту бағдарламаларын әзірлеу ерекшеліктері .....	29
11.	ҚББТ қолдану арқылы және онлайн-оқыту түрінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың ерекшеліктері .....	31
12.	Білім беру бағдарламасын ресімдеу .....	31
13.	ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының Тізіліміне білім беру бағдарламасын енгізу ..	34
14.	Білім беру бағдарламаларын өзектендіру үшін негіздер.....	35
15.	Қорытынды ережелер .....	37
16.	Қосымша 1 (Оқу нәтижелерін қалыптастыруға арналған етістіктердің улгі тізімі).....	38
17.	Қосымша 2 («Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының» формасы) .....	39
18.	Қосымша 3 («БББ-сы паспортының» формасы).....	42
19.	Қосымша 4 («БББ-сы пәндері каталогының» формасы ).....	50
20.	Қосымша 5 (Білім беру бағдарламаларын өзектендіру алгоритмі)	60

	<p>«Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ «Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым</p>
			60-ден 4-бет

## 1. Жалпы ережелер

1.1 «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ-да (бұдан әрі – Университет) мамандарды көсіби даярлау сапасын арттыру мақсатында әзірленді.

1.2 Университетте ереже білім беру бағдарламаларын әзірлеу, рәсімдеу, келісу, бекітудің бірыңғай тәртібін, сондай-ақ сараптама жүргізу процедурасын (келесі – БББ) белгілейді.

1.3 Ереже төмендегілерге сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңымен (2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III);
  - Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған концепциясына;
  - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі басшылық (ҚР ҰӘМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының 4.05.2023 жылғы № 601 н/к бүйрүғына 1-қосымша);
  - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бүйрүғы);
  - Денсаулық сақтау саласындағы білім деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттармен (Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ-63 бүйрүғы);
  - Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін үйимдастыру ережелерімен (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бүйрүғы);
  - Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің ұлгілік ережелерімен (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бүйрүғы);
  - Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін үйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесімен (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қантардағы №4 бүйрүғы);
  - Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу ережелерімен, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу немесе одан шығару негіздерімен (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы №106 бүйрүғы);

prof. Dr. A.Y. Samay

	<p>«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ          «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»          КеАҚ-да білім беру бағдарламаларын өзірлеу және          озектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым          60-ден 5-бет</p>
-----------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------	-------------------------------------------------

– Бейресми білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тану, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелері ережелерімен (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 бірлескен бұйрығы);

– Қашықтықтан оқытууды ұсыну бойынша және қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру мен жоғары (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту түріндегі ережелерге сәйкес білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарымен (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы);

– Экстернат және онлайн оқыту түрінде оқытуға жол берілмейтін жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесімен (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы №530 бұйрығы);

– Жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында қосарлы оқытууды ұйымдастыру ережелерімен (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі №361 бұйрығы);

– Жаңа мамандықтар атластарымен;

– Еуропалық аударым және жинақтау жүйесін (ECTS) пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен;

– Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) жоғары білім сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттармен және нұсқаулықтармен;

– Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік шеңберімен – мамыр 2005 ж.

Сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі – ИНК) сәйкес:

– «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ Жарғысымен (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2020 жылғы 25 тамыздағы №512 бұйрығы);

– «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ Академиялық саясатымен;

– «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ Даму бағдарламасымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 шілдедегі №516 қаулысымен бекітілген);

– «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ-да қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқытууды ұйымдастыру ережелерімен («әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

*prof. докт. физ. и хим. наук А.Д. Сапов*

	<p>«Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ «Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ-да білім беру бағдарламаларын өзірлеу және озектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым</p>
			60-ден 6-бет

университеті» КЕАҚ Ғылыми Кеңесінің 2024 жылғы 6 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, №1 хаттама);

– «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ-да ресми және бейресми білім беруді, кәсіптік біліктілікті оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ережемен («әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ Ғылыми Кеңесінің 2024 жылғы 6 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, №1 хаттама);

– «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ-да қосарлы оқыту туралы ережемен («Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ Ғылыми Кеңесінің 2024 жылғы 6 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, №1 хаттама).

1.4 Университет Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағыттарының жіктеуішіне (бұдан әрі – Жіктеуіш), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарына, Ұлттық біліктілік шенберіне, салалық біліктілік шенберлеріне, кәсіптік стандарттарға, жаңа кәсіптер мен құзыреттер Атластарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудін БББ-сын дербес әзірлейді.

1.5 БББ ұстанымдар негізінде әзірленеді:

– Университеттің білім беру қызметі (білім беру және оқыту) сапасының әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестігі;

– салыстырмалылық (ашықтық, біліктілікті халықаралық тану);

– білім, ғылым және өндірістің ықпалдастыры;

– ықпалдастық (білім берудің әртүрлі деңгейлерінде оқытылатын пәндер мазмұнының өзара енуі);

– мультидисциплинарлық (бірқатар білім салаларының түйіскен жерінде кадрлар даярлауды қамтамасыз ету);


– сабактастық (бірыңғай үздіксіз білім беру процесі, білім берудің әрбір деңгейіндегі мақсаттар, міндеттер, мазмұн, әдістер, құралдар, оқыту түрлері арасындағы байланыс және келісімділік);

– студенттік орталықтандыруышылық (окудың білімді игеру процесінде білім алушылардың дербестігін, шығармашылығы мен жауапкершілігін көрсетуге бағытталуы; білім алушылардың сұраныстары мен мүмкіндіктеріне бағдарлануы және олардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуі);

– модульділік (оқыту / өзін-өзі зерттеу үшін модульдер көмегімен қажетті икемділік пен еркіндік дәрежесімен қамтамасыз ету);

– инклузивтілік (ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету);

– педагогикалық инновацияларды колдау;



	<p>«О.І-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеЛК          «О.І-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»          КеЛК-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу және          өзектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым</p>
			60-ден 7-бет

- білім беруді интернационалдандыру;
- өмір бойы оқыту.

1.6 Ереже, ең алдымен, Университет кадрларын даярлау бағыттары бойынша Академиялық комитеттерге, сондай-ақ оқытушы-профессорлық құрамға, Университет БББ-рын өзектендіруге қатысатын университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлеріне, жұмыс берушілерге және басқа да мұдделі тұлғаларға арналған.

## 2. Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

2.1 Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар колданылды:

- **Кадрларды даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет (АК)**
- Университет Фылыми Кеңесінің шешімі және Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұйрығы негізінде кадрлар даярлау бағыттары бойынша құрылатын Университеттің алқалы органы. АК еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеумен және өзектендірумен айналысады;
- **Білім беру бағдарламаларын өзектендіру** – білім беру саласындағы заманауи талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру бағдарламаларын жаңартудың, жаңғырудың, жетілдірудің үздіксіз және тұракты процесі;
- **ЖКОО компоненті (ЖКООК)** – БББ-сын игеру үшін ЖЖООКБҰУ дербес айқындастырылған оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең тәменгі көлемдерінің тізбесі;
- **дескрипторлар (descriptors)** – оқу нәтижелеріне, қалыптастырылған құзыреттер мен академиялық кредиттерге негізделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін білім алушылардың алған білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттерінің деңгейі мен көлемін сипаттау;
- **қосарлы оқу** – кәсіпорынның, білім беру үйімінің және білім алушының жауапкершілігі тең болған кезде білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынумен және өтемақы төлеумен білім беру үйімдарында оқытууды кәсіпорында оқыту мен практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау түрі;
- **Дублиндік дескрипторлар** – Бірлескен сапа бастамасы (Joint Quality Initiative) әзірлеген дескрипторлар Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік құрылымы үшін цикл дескрипторлары ретінде қабылдау үшін ұсынылады. Олар әр Болон циклінің аяқталуы болып табылатын дәреже берумен байланысты типтік күтілетін жетістіктер мен қабілеттердің жалпы ережелерін сипаттайды;



	<p>«Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАК          «Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»          КеАК-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу және          озектеніру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым</p>
		<p>60-ден 8-бет</p>	

- **қосымша БББ (minor)** – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушылар айқындаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;
- **құзыреттіліктер** – оқыту процесінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кәсіби қызметте практикалық пайдалану қабілеті;
- **тандау бойынша компонент (ТК)** – кез келген академиялық кезеңде олардың пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып ЖЖООКБҰ ғарыштың өз бетінше тандауға ұсынатын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің ең аз көлеміне сәйкес келетін тізбесі;
- **пәндер каталогы (ПК)** – барлық оқу кезеңінде білім беру бағдарламасында көрсетілген, оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі білімдерін) және оқытудың күтілетін нәтижелерін көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын міндетті компоненттің, ЖОО компонентінің және тандау компонентінің барлық пәндерінің жүйелендірілген, аннотацияланған тізбесі;
- **микроквалификация** – жеке еңбек функцияларын орындауға мүмкіндік беретін қысқа оқу кезеңін аяқтағаннан кейін алынған білім, дағдылар мен құзыреттер жиынтығы;
- **Ұлттық біліктілік шенбері (ҰБШ)** – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің жүйелі және құрылымдалған сипаттамасы (КР-да 8 деңгейден тұрады);
- **Салалық біліктілік шенбері (СБШ)** – ұлттық біліктілік жүйесінің құрамасы білігі (кіші жүйесі), салада танылатын біліктіліктің сараланған деңгейлерінің негіздемелік құрылымы;
- **білім беру бағдарламасы (БББ)** – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;
- **міндетті компонент (МК)** – КР МЖМБС белгілеген және білім алушылардың БББ игеру шенберінде міндетті түрде зерделейтін оқу пәндері мен академиялық кредиттердің тиісті ең тәменгі көлемдерінің тізбесі;
- **негізгі БББ (major)** – негізгі құзыреттерді зерделеу және қалыптастыру мақсатында білім алушылар үшін айқындалған пәндердің және (немесе) модульдердің, сондай-ақ оқу жұмысының басқа да түрлерінің жиынтығы;
- **қосдипломды білім беру бағдарламасы (ҚДББ)** – әріптес-жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының білім беру бағдарламаларын салыстыруға және үндестіруге негізделген және тараپтардың бағдарламаларын мақсаттары мен мазмұнын айқындау, оқу



	<p>«Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті» КеАҚ          «Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті»          КеАҚ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу және          өзектеніру турали ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым          60-ден 9-бет</p>
-----------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------	-------------------------------------------------

процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелер қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар;

– **ББ-паспорты** – ББ-ның мақсаты, академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы туралы мәліметтері, модульдер мен пәндерді оқыту нәтижелері, ҰБШ, СБШ және кәсіптік стандарттарды қоса алғанда олардың кәсіптік саламен байланыстарын сипаттауды қамтитын ББ-сы қысқаша сипаттамасы;

– **пререквизиттер (prerequisites)** – оқытылатын пәндерді және (немесе) модульдерді игеру үшін қажетті білімдерді, іскерліктерді, дағдылар мен құзыреттерді қамтитын пәндер және (немесе) модульдер, сондай-ақ оку жұмысының басқа да түрлері;

– **постреквизиттер (postrequisites)** – оқуды аяқтағаннан кейін аталған пәндерді және (немесе) модульдерді оку арқылы меңгерілетін білім, білік, дағдылар мен құзыреттер талап ететін пәндер және (немесе) модульдер, сондай-ақ басқа да оку оку жұмысының түрлері;

– **кәсіптік стандарт (кәсібистандарт)** – кәсіптік қызметтің нақты саласындағы біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын құжат;


– **мамандық** – арнайы дайындық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде алынған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін игеруді талап ететін еңбек қызметінің түрі.

– **кәсіптік міндет (КМ)** – еңбек функциясын іске асыруға және кәсіптік қызметтің белгілі бір саласында қажетті нәтижеге қол жеткізуге байланысты іс-әрекеттер туралы нормативтік түсінік;

– **білім беру бағдарламаларының Тізілімі (Тізілім)** – жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйымдары әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның «жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі» ақпараттық жүйесі;

– **оқыту нәтижесі (ОН)** – білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсеткен білімінің, іскерлігінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі, қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар;

– **студент ортақтандырылған оқыту** – болашақ мамандар ретінде ЖЖООКБҰ-да оларды даярлау процесінде білім алушылардың бойында іске асыру дербестігін, шығармашылығы мен жауапкершілігін көрсетуді қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға бағытталған білім беру және кәсіптік білімінің құзыреттерін жүзеге асыру;



	<p>«Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті» КеАҚ</p> <p>«Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті» КеАҚ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым</p>
			60-ден 10-бет

**– еңбек функциясы** – бизнес-процестермен анықталған және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің интеграцияланған және салыстырмалы түрде дербес жиынтығы болып табылатын еңбек қызметінің құрамдас бөлігі;

**– біліктілік деңгейі** – күрделілік, еңбек әрекеттерінің стандарттылығы, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын қызметкерлердің біліміне, іскерлігіне және кең құзыретіне қойылатын жалпыланған талаптар;

**– оқу жоспары (ОЖ)** – тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің, кәсіптік практикаларының, оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) және бақылау түрін регламенттейтін құжат.

2.2 Ережеде келесі қысқартулар қолданылған:

**АК** – Кадрларды даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет;

**ЖБ** – Жоғары білім;

**ҚР МЖМБС** – Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

**ҚББТ** – Қашықтықтан білім беру технологиялары;

**ҚР ҒЖБМ ЖБББП** – ҚР ҒЖБМ жоғары білім берудің бірыңғай платформасы;

**НҚА** – нормативті-құқықтық актілер;

**ҰБШ** – Ұлттық біліктілік шенбері;

**СБШ** – Салалық біліктілік шенбері;

**ЖҶООКББҰ** – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үйімдастыру;

**ББ** – білім беру бағдарламасы;

**ҚДББ** – қосдипломды білім беру бағдарламасы

**БББ** – бірлескен білім беру бағдарламасы

**ББЖК** – білім беру бағдарламаларын жобалау Кенесі;

**ЖООББ** – ЖОО кейінгі білім беру;

**ОПҚ** – оқытушы-профессорлар құрамы;

**ОН** – оқытудың нәтижелері.

### **3. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу процесін үйімдастыру**

3.1 Университетте ББ-ры «Кадрларды даярлау бағыттары бойынша ақадемиялық комитет туралы Ережеге» сәйкес АК әзірлейді.

3.2 АК құрамы тәжірибелі оқытушылардан, ақадемиялық персонал өкілдерінен, жұмыс берушілерден, білім алушылардан құралады және Басқарма Төрағасы – Ректордың бүйрығымен бекітіледі.



	<p>«Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеlК          «Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»          КеlК-да білім беру бағдарламаларын өзірлеу және          өзектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні:</p>	<p>Екінші басылым          60-ден 11-бет</p>
-----------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------	--------------------------------------------------

3.3 БББ-рының жобасы алдын ала кафедра отырысында талқыланады, содан кейін АК-ке беріледі.

3.4 БББ жобасы АК отырыстарында факультеттердің Ғылыми кеңесінде бекіту үшін ұсынылуы немесе пысықтауға жіберілуі мүмкін.

3.5 БББ өзірлеу және өзектендіру жөніндегі АК қызметін білім беру бағдарламаларын жобалау Кеңесі (БББЖК) үйлестіреді.

3.6 БББЖК қызметкерлері кворумды, жұмыс берушілер мен білім алушылардың міндетті қатысуын, БББ-сы жобасын талқылау процесін бақылай отырып, АК отырыстарына қатысады, сондай-ақ БББ-сы жобасы бойынша өз ескертулері мен ұсынымдарын енгізеді.

#### **4. Білім беру бағдарламасын өзірлеуге дайындық**

4.1 Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім БББ өзірлеу 4 (төрт) кезеңнен тұрады:


- БББ-рын өзірлеуге дайындық;
- БББ-рын жобалау;
- БББ-рының құрылымдық элементтерін егжей-тегжейлеу;
- БББ-ры сапасын бағалау.

4.2 АК даярлау бағыттарының тізбесін айқындау үшін **БББ-рын өзірлеуге дайындық кезеңінде** еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің мамандарға қойылатын талаптарын зерделейді, Университет тұлектерінің болашакта жұмысқа орналасу болашағына талдау жүргізеді (тапшылық / профицит, жаңа кәсіптердің / дағдылардың / құзыреттердің пайда болуы және т. б.).

4.3 АК еңбек нарығының (өнірлік, ұлттық, халықаралық) қажеттіліктері негізінде өзірленіп жатқан БББ-ры бәсекеге қабілеттілік параметрлерін айқындаиды, кадрлар даярлау нарығы, оның ішінде жаңа кәсіптер Атласына сәйкес зерделенеді, кадрлар даярлау нарығындағы бәсекелестік, бәсекелестердің күшті және әлсіз жақтары, жоспарланып отырған БББ-рын іске асыру кезіндегі болашакта күтілеті мүмкіндіктер мен қауіптер талданады.

4.4 АК БББ-рының интеграциясын, көлденен (білім берудің бір деңгейінде) немесе тік (білім берудің әртүрлі деңгейлерінде), сондай-ақ БББ-рын серіктес-ЖЖООКБҰ-мен халықаралық интеграциясын қамтамасыз ету үшін біліктіліктер мен білім деңгейлері бөлінісінде өзірленетін БББ-ры мен қолданыстағы БББ-ры арасындағы өзара байланысты айқындаиды.

БББ-ры интеграциясы білім салаларының түйісken жерінде жана пәндер/пәндер модульдерін өзірлеуге, қайталануды болдырмауға және білім беру мазмұнының сабактастығын сактауға мүмкіндік береді.



 <p><b>FARABI</b> ҚАЗАҚ НАЦИОНАЛДЫК УНИВЕРСИТЕТІ 1934</p>	<p>«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ</p> <p>«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым</p> <p>60-ден 12-бет</p>
----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------	--------------------------------------------

4.5 БББ-рын интернационалдандыру бойынша талаптарды орындау барысында Қазақстан Республикасы Болон процесіне қатысушы-ел болып табылатындығына байланысты білім берудің халықаралық стандарттық жіктеуішісі (ISC ED) және Еуропалық біліктілік шенбері (EQF) ескеріледі.

БББ-ры пререквизиттеріне, оның сабактастығы мен мультидисциплинарлығын қамтамасыз ету үшін әзірленіп жатқан БББ-ры пререквизиттері мен постреквизиттерінің келісілуіне ерекше назар аударылады.

БББ-рын жобалау кезінде білім беру мазмұнының сабактастығы кәсіби құзыреттіліктерді игеруге қатысты міндettі шарт болып табылады, мұнда білім берудің әр деңгейімен күрделілік дәрежесі, кәсіби дағдылар спектрі, жауапкершілік, «қарапайымнан күрделіге» көтеріледі.


Мультидисциплинарлық БББ-ры пәндерін жан-жакты зерделеуге, олар туралы тұтас түсінік пен жүйелі білім алуға мүмкіндік береді.

4.6 Әзірленіп жатқан БББ-рын іске асыру үшін Университеттің мүмкіндіктері, ең алдымен қаржы ресурсының болуы және әзірленіп жатқан БББ-ның халықаралық сапа стандарттары мен аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі талданады.

4.7 БББ-рын табысты іске асыру үшін қамтамасыз ету қажеттілігі айқындалады:

- кадрлармен қамтамасыз ету (біліктілік талаптарына сәйкес педагогикалық және ғылыми-педагогикалық кадрлармен);
- материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету (жабдықтар, компьютерлік модельдер, тренажерлер, зертханалар, өндірістік базаның және БББ бойынша практика базаларының болуы);
- ақпараттық-кітапханалық ресурстармен қамтамасыз ету (лицензиялық және бағдарламалық қамтамасыз етудің қажетті жиынтығы, ақпараттық ресурстар, БББ-ның барлық пәндері (пәндер модульдері) бойынша оқу-әдістемелік ресурстар, Интернет желісіне, заманауи кәсіби дерекқорларға, ақпараттық анықтамалық және Іздеу жүйелеріне қол жеткізу);
- әлеуметтік серіктестік (Университеттің жұмыс берушілермен, қоғамдық бірлестіктермен, кәсіби қауымдастықтармен және т. б. байланыстары).

4.8 Жоғарыда аталған талдау негізінде АҚ жаңа БББ-ры үшін кадрларды даярлау бағыттарының қажетті тізбесін айқынрайдай, сондай-ақ Университет қолданысындағы дайындық бағыттары бойынша БББ-рын жобалау, әзірлеу немесе жетілдіру туралы шешім қабылдайды.



	<p>«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАК          «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»          КеАК-да білім беру бағдарламаларын өзірлеу және          өзектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым          60-ден 13-бет</p>
-----------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------	--------------------------------------------------

## 5. Білім беру бағдарламаларын жобалау

5.1 БББ-рын игеру нәтижесінде алынатын біліктілік нақты айқындалуы, түсіндірілуі және жоғары білімнің Еуропалық кеңістігінің белгілі бір біліктілік шеңберіне, ҰБШ, СБШ деңгейлеріне сәйкес келуі тиіс.

5.2 АК түлектердің кәсіби қызмет саласын, отандық және шетелдік нормативтік құжаттамасын, ҚР МЖМБС, кәсіби стандартты, жаңа кәсіптер мен құзыреттер Атластарын қолдану тәжірибесін, лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, жетекші шетелдік ЖЖООКБҰ БББ-рын және т.б. талдайды.

5.3 Құзыреттердің жаһандық трендтерін ескере отырып, БББ-ры біліктілік мақсаттарын айқындаиды: БББ-рын табысты игергеннен кейін білім алушылардың білімі, іскерлігі мен дағдылары.

5.4 Кәсіби қызмет саласын және жергілікті еңбек нарығының талаптарын талдау негізінде БББ-нан нәтижелердің күтулері айқындалады және өзірленіп жатқан БББ-ның бірегейлігін айқындаитын кәсіби маңызды құзыреттер анықталады.

5.5 БББ-ры түлегінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және кәсіби құзыреттілік модульдерін өзірлеу үшін ҰБШ, СБШ және кәсіби стандартта сипатталған еңбек функциялары қолданылады.

Сонымен бірге, міндettі еңбек функциялары кәсіби қызмет үшін, ал қосымша еңбек функциялары ғылым мен технологияның дамуын ескере отырып, болашақта кәсіби қызметтегі өзгерістер үшін қолданылады.

5.6 АК болашақ маманының қажетті құзыреттерінің тізбесін қалыптастыру үшін жұмыс берушілермен кеңестер өткізеді, БББ-сын аяқталғаннан кейін маманның маңыздылық дәрежесін және оны иелену деңгейін айқындау құзыреттерін бірлесіп талқылайды.


5.7 Кәсіби салада даярлаудың әрбір бағытына арналған құзыреттердің алдын ала тізбесі мыналарды қамтиды:

- жалпы құзыреттер (мінез-құлыш дағдылары және жеке қасиеттер);
- кәсіби құзыреттіліктер (осы бағытқа тән теориялық білім және практикалық дағдылар мен шеберліктер).

5.8 Зерттеу барысында қажет болған жағдайда еңбек нарығы мен кәсіптік стандарттарды талдау негізінде жасалған құзыреттердің алдын ала тізбесін нақтылау және басымдық беру мақсатында жұмыс берушілерден сауалнама алу жүзеге асырылады. Ол үшін:

- бастапқы құзыреттерді сипаттай отырып жұмыс берушінің сауалнамасын өзірлейді;






- сауалнама жүргізу әдістері таңдалады: сандық (стандартталған сауалнамаларды қолдана отырып); сапалық (сұхбат және фокус-топтар);
- сауалнамаға қатысушыларды іріктеу жүргізіледі – БББ-ры түлектері болашақта жұмыс істеу үшін зерттелетін кәсіптік саланың өкілдерін.

5.9 БББ-ры болашақ түлегінің кәсіби қызметін талдау нәтижелері және жұмыс берушілермен жүргізілген сауалнамалар еңбек нарығының білімге, іскерлікке/дағдыларға, ресурстарға (жабдықтар, материалдар және т. б.) қойылатын талаптарды нақтылауға мүмкіндік береді.

5.10 Кәсіптік қызмет саласын талдау нәтижелері негізінде және әзірленіп жатқан БББ-рына арналған болашақ өзгерістерді ескере отырып, кәсіптің Картасын жасау ұсынылады (Сурет 1).

### «...» (мамандық атауы) мамандық картасы



Сурет 1 – мамандық картасының сыйбасы

5.11 БББ-сын аяқтағаннан кейін білім алушының жеке құзыреттерін қалыптастыру үшін ҰБШ, СБШ, кәсіби стандарттардан жеке құзыреттерге қойылатын талаптарды пайдалану қажет. Жеке құзыреттер жалпы базалық модульдерге де, кәсіби модульдерге де қосыла алады.

5.12 БББ-ның ОН қалыптастыру кезінде, сондай-ақ БББ-сы және білім беру деңгейлері мен салалары бойынша тиісті біліктіліктерді ретке келтіру үшін ҚР МЖМБС сәйкес БББ-ры түлектеріне қойылатын талаптарды ескеру қажет.

	<p>«Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті» КеАҚ          «Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті»          КеАҚ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу және          өзектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым</p>
			<p>60-ден 15-бет</p>

5.13 Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тиісті деңгейдегі Дублиндік дескрипторлар негізінде айқындалады және оқыту нәтижесі қол жеткізгенді білдіретін игерілген құзыреттерді көрсетеді.

5.14 Көрнекілікті болу мақсатымен құзыреттілік моделінің кестесін жасауға болады, ол кейіннен тиісті деңгей мен бағыт бойынша БББ-рын әзірлеу үшін пайдаланылатын болады.


### Таблица. БББ арналған құзыреттілік моделі «...» (БББ-ның атауы)

<p>Кәсіби стандарт / т. б. ... негізінде әзірленген.  <i>(Құзыреттілік моделі әзірленген құжасты көрсету)</i></p>	
<p>Мамандық үшін: ...  <i>(мамандық атауы)</i></p>	
<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: ...  <i>(СБШ-ри біліктілігінің деңгейін/деңгейшесін көрсету)</i></p>	
<p>Міндетті еңбек функциялары: ...  <i>(кәсіби құзыреттіліктерін анықтау үшін)</i></p>	
<p>Қосымша еңбек функциялары: ...  <i>(ғылым мен технологиялардың дамуын ескере отырып, болашақта кәсіптік қызметтегі кәсіби құзыреттерді анықтау үшін)</i></p>	
<p>Кәсіптік міндеттер:</p>	
<p>1) ...</p>	
<p>2) ...</p>	
<p>...</p>	
<p><i>(БББ-ры модулдеріне сәйкестігі бойынша ОН анықтау үшін)</i></p>	
<p>Білімі: ...  <i>(БББ-ры модулдеріне сәйкестігі бойынша ОН бағалау критерийлерін анықтау үшін)</i></p>	
<p>Шеберліктері/дағдылары: ...  <i>(БББ-ры модулдеріне сәйкестігі бойынша ОН бағалау критерийлерін анықтау үшін)</i></p>	
<p>Кәсіптік құзыреттіліктер: ...  <i>(жасалық құзыреттіліктерді анықтау үшін)</i></p>	
<p>Жеке құзыреттіліктер: ...  <i>(қосымша құзыреттіліктерді анықтау үшін)</i></p>	

5.15 Әрбір еңбек функциясы бойынша кәсіби құзыреттер тізбесін және жеке құзыреттер тізбесін қамтитын Мамандық Картасы мен құзыреттер Моделі негізінде, сондай-ақ КР МЖМБС сәйкес тиісті модульдерге қалыптастырылған қажетті құзыреттерді көрсете отырып, БББ-ның модульдік құрылымының жобасы жасалады.

Сондай-ақ, осы кезеңде интеграцияланған БББ-рын әзірлеу мүмкіндігі қарастырылады.

5.16 Бұдан әрі оку деңгейіне, кәсіптік стандарттардың талаптарына және (немесе) жұмыс берушілердің талаптарына/ұміттеріне, сондай-ақ



	<p>«Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ          «Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»          КеАҚ-да білім беру бағдарламаларын өзірлеу және          озектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым</p>
			60-ден 16-бет

Университеттің даму стратегиясына сәйкес құзыреттерге байланысты БББ-ның ОН-рі тұжырымдалады.

5.17 Құзыреттілік Моделдегі әрбір құзырет үшін ОН-рі қалыптасады, және де бір құзыретке бірнеше ОН-рі сәйкес келуі мүмкін. ОН-рі оқыту мен білім беру процесінде өлшенетін және қол жетімді болатындай етіп қалыптасуы керек.

5.18 Құзыреттілік кәсіби қызмет барысында білімді, іскерлікті және дағдыларды практикалық қолдану нәтижесінде қалыптасады. ОН-рі тиісті деңгейдегі Дублиндік дескрипторлармен білім, білік, дағды және құзыреттілік түрінде көрінеді. Яғни, құзыреттілік – бұл ОН-нің бірі.

5.19 ОН-рі БББ-рына бөлінетін академиялық кредиттердегі тиісті пәндердің еңбек сыйымдылығының көлемін анықтау үшін негіз болады. БББ жалпы еңбек сыйымдылығы КР МЖМБС-да көрсетілген тиісті деңгейдегі еңбек сыйымдылығынан кем болмауға тиіс. БББ-да пәндер мен ОН-рі арасындағы өзара байланыс анықталуы керек.

5.20 Еуропалық трансферт (аударым) және кредиттерді жинақтау (ECTS) жүйесіне сәйкес БББ-да ОН-рі мәнмәтінін, деңгейін, көлемі мен мазмұнын көрсете алатындағы етіп тұжырымдалуы тиіс; тиісті оку қызметімен, бағалау әдістері және критерийлерімен байланысты бағдарламаның оку жүктемесі шенберінде өзара байланысты, түсінікті, қол жеткізуге болатын болуы тиіс.

5.21 ОН-рін қалыптастыру кезінде Университет түлектері алған білімдері мен дағдыларын пайдалана отырып, құзыреттерді қолдану арқылы кәсіби функцияларды іске асырып, кәсіби қызмет пен жеке даму шенберінде не істейтінін білдіру үшін етістіктің белсенді түрін қолдану қажет. ОН-рін анықтау үшін әдетте Блум таксономиясы қолданылады, сондай-ақ қолдануға болатын етістіктердің шамамен тізімі **Қосымша 1-де** көлтірілген.


5.22 ОН-рі еңбек функцияларына және еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктеріне бағдарлануы тиіс.

5.23 ОН-рі өлшенбелі болуы тиіс.

5.24 Бұдан әрі ОН-дегі жетістіктерді бағалау әдістері мен құралдарын жобалау қажет, ол үшін:


- нақты критерийлерге негізделген өлшенбелі бағалау әдістерін қолдану;
- бағалау әдістері бағаланатын ОН-рімен сәйкес келуі керек;
- алынған бағалар білім алушылардың құзыреттіліктерді қаншалықты менгергендігінің деңгейін көрсетуі тиіс.

5.25 Әрбір ОН-рі үшін бағалау критерийлері қалыптастырылады, олар білім алушылардың нақты жетістіктері түрінде тұжырымдалады және оларды



	<p>«Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАК          «Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»          КеАК-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу және          озектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	Күні	Екінші басылым 60-ден 17-бет
-----------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------	---------------------------------

бағалауға болады, бұл ретте әрбір таңдалған критерий үшін ОН-рін бағалаудың нақты әдісін анықтау үсіненлады (Сурет 2).



**Сурет 2 – Құзыреттердің, ОН және бағалау критерийлерінің өзара байланысы**


5.26 ОН-рін жобалау кезінде БББ-ры түлектерді мынадай құзыреттермен қамтамасыз етуі тиіс екенін ескеру қажет:

- кәсіптік дағдылар (hard skills);
- жеке сапалары және тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары (soft skills);
- цифрлық дағдылар (digital skills).

5.27 БББ-ры түлегі, ең алдымен, жұмысқа орналасу кезінде кәсіби ортада тез бейімделуге көмектесетін белгілі бір «қатаң» дағдыларға ие болуға мүмкіндік беретін кәсіби дағдыларға (hard skills) мұқтаж. Көптеген кәсіптер үшін белгілі бір және өзгермейтін «қатаң» дағдылар жиынтығы бар, олар білім алушы алған білімі, дағдылары мен дағдылары негізінде оқу кезінде ғана иеленеді және ол өзінің кәсіби қызметіне кірісу арқылы бірден қолданады, сонымен қатар қажет болған жағдайда жетілдіре алады.

5.28 Жаһандық өзгерістер жағдайында білім алушылар алатын білімнің көп бөлігі тез ескіреді. Кәсіби ортада білім алушыларға жетіспейтін құзыреттерді иеленуге микробіліктілік көмектесе алады – қажетті кәсіби дағдыларға тоғысталған қысқа бағдарламалар мен тәжірибелер.

5.29 Микробіліктілік бағдарламасы дербес оқу бірлігі немесе қосымша бағдарлама ретінде БББ-рының оқу жоспарына енгізілуі немесе дербес бағдарлама ретінде әрекет етуі мүмкін.



	<p>«Өл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті» КеАК          «Өл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті»          КеАК-да білім беру бағдарламаларын өзірлеу және          озектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Ежинің басылым</p>
			60-ден 18-бет

5.30 Микробіліктілік бағдарламасы бір немесе бірнеше модульді құрауы мүмкін, бір микроквалификация курсының көлемі 1-ден (бірден) 5-ке (беске) дейінгі академиялық кредитке өзгереді. Бұл ретте микробіліктілік бағдарламасы жалпы көлемі 3-тен (үштен) 45 (кырық бес) академиялық кредитке дейінгі бір, екі және одан да көп курстарды қамтуы мүмкін.

5.31 Әзірленіп жатқан БББ-рына жүйелік ойлау, салааралық коммуникация, экологиялық ойлау, үнемдік өндіріс, робототехника, жасанды интеллект және т. б. да кәсіби емес құзыреттерді (soft skills) қосу қажет.

Кәсіпсті құзыреттілік БББ-ры түлектеріне болашақта табысты мансап үшін мамандықтағы тұрақты өзгерістерге жақсы бейімделуге, командада табысты жұмыс істеуге, кәсіби міндеттерді шешуде шығармашылық пен өзіндік ерекшелік көрсетуге, қызметтің әртүрлі салаларында білімге және мәдениетаралық коммуникацияның жоғары деңгейіне ие болуға мүмкіндік береді.

5.32 Ақпараттық технологиялар мен байланыс құралдары кез-келген адамның өмірі мен іс-әрекетін сүйемелдейтін қазіргі технологиялық өзгерістер дәуірінде цифрлық дағдылар (digital skills) цифрлық ақпаратты іздеу және басқару, жеке деректерді цифрлық түрде бөлісу, цифрлық технологияларды пайдалану, электрондық оқыту және т. б. сияқты әрекеттерді орындау үшін қажет.

Білім алушыға арналған digital skills-ты мендеру аралас және қашықтықтан оқытудың міндетті шарты болып табылады. Бұл білім алушыларға ынғайлы уақытта қашықтықтан оқуға және, әрине, табысты кәсіби мансап құруға байланысты қосымша артықшылықтар береді.


5.33 ҚР МЖМБС сәйкес білім алушы жалпы білімге, әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыреттерге қойылатын талаптар негізінде қалыптастырылатын жалпы құзыреттерді менгеруі қажет.

5.34 БББ-сын жобалау БББ-сы құрылымын және оку пәндері үшін пре-және постреквизиттерді көрсету арқылы ОН-рін қалыптастыруға бағытталған пәндерді оқу тәртібін айқындауды көздейді.

5.35 БББ-рын іске асыру үшін ресурстарға кажеттілік білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен айқындалады.

## **6. Білім беру бағдарламасының құрылымдық элементтерін егжей-тегжейлеу**

6.1 Осы кезеңде БББ-ның атауы мен мақсаты тұжырымдалады, мазмұны әзірленеді және оқыту стратегиялары айқындалады.



	<p>«Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» ҚеАҚ          «Ол-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»          ҚеАҚ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу және          өзектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым          60-ден 19-бет</p>
-----------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------	--------------------------------------------------

6.2 БББ-ның атауы қысқа, тартымды және ақпараттық болуы, мазмұнын көрсетуі, сондай-ақ Классификатордың дайындау бағытына сәйкес келуі тиіс.

6.3 БББ мақсаты кәсіптік қызмет саласы мәннәтінінде қысқа, ықшамды, нақты тұжырымдалуы, БББ-сын аяқталғаннан кейін білім алушылар игеруі тиіс оку нәтижелерін синергетикалық түрде біріктіруі, Университеттің құндылықтарын көрсетуі тиіс. БББ-ның мақсаты критерийлерге сәйкес келуі керек – өзектілігі, нақтылығы, қол жетімділігі.

6.4 БББ-ның мақсатын қалыптастыру барысында олардың мақсаты бүкіл БББ-сы үшін ортақ екенін және білім алушылар үшін қалыптастасын БББ-сы пәндерінің мақсаттарына / модульдеріне және ОН-ріне қарағанда БББ-ның жалпы мазмұнын, бағыты мен міндеттерін көрсететінін есте ұстаған жөн.

6.5 БББ-ның мазмұны мамандарды даярлаудың құзыреттілік моделі мәннәтінінде әзірленеді және модульдерден / оку пәндерінен тұрады, олар өз кезегінде осы БББ-ның шеңберінде модульдер бойынша мақсаттардан, құзыреттерден және ОН-нен тұрады.

6.6 ҰБШ, СБШ, кәсіптік стандарттардан кәсіби міндеттер БББ-ның тиісті модульдері бойынша ОН-рін сипаттау үшін, ал білім мен дағды ОН-рінің бағалау критерийлері үшін пайдаланылады.

6.7 Білім алушылардың қажетті құзыреттерге қол жеткізуі үшін БББ-сын әзірлеу кезінде алдымен ОН-рі айқындалады, содан кейін БББ-нда белгіленген ОН-ріне барынша қол жеткізетіндей етіп қалыптастырылады.


6.8 БББ-сы негізінде БББ-ның жеке модульдері үшін ОН-рін қалыптастырылады. Олардың реттілігі ойластырылады, осылайша БББ-ның модульдік құрылымы қалыптасады.

6.9 Пәннің қысқаша сипаттамасында аталған БББ-сы бойынша ОН-рі жетістігінің индикаторы ретінде пәннің мазмұнын ашу қажет. Пәннің сипаттамасы дәрістерден, окулықтардан және тағы басқа да құралдардан алынған қандай да бір анықтамалардан, үзінділерден тұрмауы тиіс.

6.10 Кәсіптік стандарт негізінде әзірленген БББ-нда негізгі еңбек функциялары ОН-рі мен құзыреттіліктер негізінде жобаланады.

6.11 Құзыреттері мен ОН-рі мәннәтінінде модульдер мен пәндер тізбесін анықтағаннан кейін кредиттердегі модульдер мен пәндердің еңбек сыйымдылығы айқындалады. Осы негізде пре - және постреквизиттерді ескере отырып, БББ-ның ОЖ-ры жобасы қалыптастырылады. Бұл ретте дайындық бағыты мен деңгейіне (оның ішінде циклдар мен компоненттерге) байланысты кредиттер саны бөлігінде ҚР МЖМБС талаптарын сақтау қажет.

6.12 БББ-на тұсу кезінде білім алушының құзыреті мен біліміне койылатын талаптар айқындалады (БББ-сы пререквизиттері).



	<p>«Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті» КеАК          «Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті»          КеАК-да білім беру бағдарламаларын өзірлеу және          өзектендіру туралы ЕРЕЖЕ</p>	<p>Күні</p>	<p>Екінші басылым</p>
			60-ден 20-бет

6.13 БББ-ның құрылымдық элементтерін өзірлеу кезінде ОН-рі модулін/пәнін тқалыптастыруға ерекше назар аудару қажет.

ОН-рі бүкіл БББ-сы деңгейінде де, жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де қалыптасады.

Модуль/пәннің ОН-рі – бұл білім алушының, яғни оның модуль/пәнді сәтті аяқтағаннан кейінгі істей алуға тиісті шеберлігі.

6.14 БББ-сы / пәндер / пәндер модульдерін қалыптастырғанан соң және олардың еңбек сыйымдылығын анықтағаннан кейін оқыту стратегиясы айқындалады.

6.15 Университеттегі білім беру стратегиясы оқытудың инновациялық әдістері мен ақпараттық технологияларды пайдалануға бағытталуы тиіс.

6.16 БББ-сын өзірлеу барысында оқытудағы тәжірибелеге бағдарланушылық, проблемалық, гуманистік, зерттеушілік, интерактивтілік, инклузивті оқыту, ересектерге арналған оқыту және басқа да білім беру тәсілдерін ескеру қажет.

6.17 Студенттік орталықтандырылған білім беру түсінде білім алушы оқыту/оқу орталығында болуы және оқыту мен шешім қабылдау процесінің белсенді қатысушысы болуы тиіс.

6.18 Шығармашылықты дамыту үшін заманауи инновациялық технологияларды және бейне түсіруді, түсаукесерлерді, фотоесептерді, эсселерді, зерттеулерді, генеративті жасанды интеллектті және т. б. қолдану сияқты оқыту түрлерін пайдалану қажет.

6.19 Көшбасшылық және топтық жұмыс дағдыларын игеру үшін білім алушыларға өздерінің білім беру тәжірибесін сынни тұрғыдан түсініп, практикалық іс-әрекеттерін талдап, практикалық дағдыларын жетілдіре алатындей, өздерінің болашақ кәсіби қызметі туралы баламалы және салыстырмалы түсініктерге ие болу үшін рефлексивті тапсырмалар беру қажет.

